

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті



**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің
2019-2021 жылдарға арналған**

ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНДЫРУ СТРАТЕГИЯСЫ

Қызылорда, 2019ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ
ҚЫЗЫЛОРДА МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ



МИНИСТЕРСТВО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ҚЫЗЫЛОРДИНСКИЙ
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ КОРҚЫТ АТА

БҰЙРЫҚ

«01» қараша 2019 ж.г.

Қызылорда қаласы

ПРИКАЗ

№ 531-а

город Кызылорда

Қорқыт Ата атындағы
ҚМУ 2019-2021 жылдарға
арналған интернационалдандыру
стратегиясын бекіту туралы
БҰЙЫРАМЫН:

1. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің интернационалдандыру стратегиясы» бекітілсін.
2. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің интернационалдандыру стратегиясы» осы бұйрық күшіне енген күннен бастап қолданысқа енгізілсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау оқу-ісі жөніндегі проректор-бірінші проректорге жүктелсін.
4. Университеттің барлық құрылымдарын осы құжатпен таныстыру құжаттармен қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Г.З.Байкенжееваға жүктелсін.

Ректордың міндетін атқарушы



Б.Ж.Абдикаримов

015118

1. Жұмыстық топпен ӘЗІРЛЕНДІ.

2. Қорқыт Ата атындағы ҚМУ ректорының м.а. 2019 жылғы «_01_»
__11__ № 531-а бұйрығымен БЕКІТІЛІП, ІСКЕ НЕГІЗІЛДІ.

Мазмұны

1	Жалпы ережелер.....	5
2	Университетті интернационалдандыру стратегиясын дамыту басымдықтары.....	6
3	Ағымды жағдайға талдау	8
4	Мақсатты индикаторлар.....	11
5	2019-2021 жж аранлған басты іс-шаралар.....	12

1.

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-нің 2021 жылға дейінгі осы Стратегиясы университетті интернационалдандыру саласындағы өзгерістерді қамтитын өзара байланысты іс-шаралар кешенін білдіретін негізқұраушы бағдарламалық құжат болып табылады.

1.2. Осы Стратегия келесілердің негізінде әзірленді:

- ҚР Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы №636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары;

- ҚР БҒМ министрінің м.а. 2016 жылғы 29 желтоқсанда бекіткен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017-2021 жылдарға арналған Стратегиялық жоспары;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 24 шілдедегі № 460 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарға арналған Білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік жоспары;

- ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2015 жылғы 5 қарашадағы №622, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 9 қарашадағы №344 және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 13 қарашадағы №1066 бірлескен бұйрығымен бекітілген 2015-2020 жылдарға арналған Үштілді білім беруді дамытудың Жол картасы;

- 2020-2025 жылдарға арналған Білім және ғылымды дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының Тұжырымдамасы (жоба).

1.3. Білім беру қызметін көрсету нарығы стратегиясының негіз құраушы идеялары болып табылады:

✓ жоғары білім және зерттеулер саласында халықаралық бәсекеге қабілеттілікті нығайту;

✓ еуропалық жоғары білім құрылысына белсене қатысу;

✓ халықаралық білім беру нарығына шығу үшін жоғары оқу орындарының мүмкіндіктерін кеңейту;

✓ халықаралық білім беруде және білім беру қызметінің халықаралық нарығында елді көшбасшы ретінде көрету тұрықтандыру;

✓ мүмкіндіктерді кеңейту: білім беру және зерттеушілік инфрақұрлым жүйесін дамыту;

✓ білімнің трансшекаралығы.

1.4. Білімді интернационалдандырудың мақсаттары:

✓ шетелдік студенттерді ақылы оқуға тарту арқылы қаржылық түсімдерді әртараптандыру және өсіру;

✓ оқу жоспарларын кеңейту және өз студенттерімізді шетелдік әріптес жоо-да оқыту;

- ✓ өз ресурстарымызды тиімді пайдалану үшін жоо-ның аймақтық желілерін кеңейту;
- ✓ студенттер мен оқытушылардың халықаралық білімді алмастыру процесіне қатысулары есебінен білім беру мен зерттеулер сапасын арттыру.

МИССИЯ

Университеттің миссиясы – Қызылорда облысы мен Қазақстан Республикасы экономикасының барлық салаларын индустриалды-инновациялық дамыту мәселелерін шешуге бағдарланған, жоғары және жоо кейінгі білімі бар бәсекеге қабілетті және сұранысқа ие мамандар даярлау.

АЙҚЫНДАМАСЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті – ұлттық рейтингтерде тұғыры жоғары, университеттердің әлемдік рейтингісіне енген, аймақ пен Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық дамуына елеулі үлес қосатын ұлттық инновациялық-кәсіпкерлік жоо.

МАҚСАТТАР

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-де ішкі және сыртқы интернационалдандыруды дамыту, білім сапасын одан әрі арттыру, отандық және халықаралық еңбек нарығында жұмыс істеу үшін біліктілігі жоғары бәсекеге қабілетті мамандар даярлау, түрлі халықтар мен мәдениеттер арасында орнықты өзара түсіністікті дамыту, Қорқыт Ата атындағы ҚМУ халықаралық беделін жоғарылату.

2. УНИВЕРСИТЕТТІ ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНДЫРУ СТРАТЕГИЯСЫН ДАМУ БАСЫМДЫҚТАРЫ

Басымдық 1 «Университетті сыртқы интернационалдандыру»

Міндеттер:

- 1.1. Сыртқы академиялық ұтқырлықты дамыту.
- 1.2. Халықаралық білім бағдарламалары мен ғылыми жобаларға қатысу.
- 1.3. Халықаралық халықаралық конференциялар мен халықаралық деңгейдегі іс-шараларға қатысу.
- 1.4. Халықаралық рейтингтерге қатысу.
- 1.5. Әріптес жоо-мен бірлескен білім бағдарламаларын әзірлеу.
- 1.6. Қосдипломды білім бағдарламаларын әзірлеу.
- 1.7. Әріптес жоо-да оқу нәтижелерін өзара тану.
- 1.8. Магистрлік және докторлық диссертацияларға бірлесіп ғылыми жетекшілік жасау.
- 1.9. Шақыру арқылы лекциялар, вебинарлар, интернет-конференциялар ұйымдастыру.

1.10. Халықаралық аренада бәсекеге қабілеттілікті арттыруға бағытталған интернационалдандыру бойынша іс-шаралардың Жол картасын әзірлеу.

Басымдық 2 «Университетті ішкі интернационалдандыру»

Міндеттер:

2.1. Шетелдік студенттер мен оқытушыларды тарту.

2.2. Университетте үштілді білім беру бағдарламаларын одан әрі дамыту.

2.3. Университетте ағылшын тілінде білім беру бағдарламаларын әзірлеу.

2.4. Шетелдік студенттерді бейімдеу бағдарламасын одан әрі жетілдіру.

2.5. Шетелдік студенттердің қатысуымен тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастыру.

2.6. Университеттің ОПК, қызметкерлері мен білім алушыларының ағылшын тілін білуі мен біліктіліктерін арттыру мақсатында ағылшын тілі курстарын ұйымдастыру.

2.7. Шетелдік мамандарды университеттің топ-менеджері лауазымына одан әрі шақыру.

2.8. Бірлескен білім бағдарламаларын әзірлеу.

2.9. Мамандар даярлауға қажетті инновацияларды көрсету үшін жұмыс берушілердің шеңберін кеңейту;

2.9. Бірлескен білім бағдарламаларын жетілдіру және іске асыру үшін Қызылорда облысының жұмыс берушілерін тарту жұмыстарын белсендіру;

2.10. Жоо-ң халықаралық және ұлттық рейтингтерге енуі бойынша университеттің стратегиялық бастамаларын бағалау үшін халықаралық кеңестер құру;

2.11. Шетелдік студенттер үшін қосымша бағдарламалар әзірлеу;

2.12. Ғылыми зерттеулер жүргізу, лекциялар оқу, практикалық сабақтар өткізу, педагогикалық және ғылыми-зерттеушілік тәжірибе жинау үшін ғылыми-педагогикалық қызметкерлер мен білім алушыларды шетелге іссапарға жіберу (жұмыс орнын, жалақысын сақтап).

2.13. Еуропа университеттерінің қауымдастығына қатысу (немесе ену). Желілер мен Қауымдастықтар арқылы академиялық және ғылыми ынтымақтастық жасау.

2.14. Шетелдік мамандар үшін әлеуетті жұмыс орны ретінде университеттің тартымдылығын арттыру мақсатында кадрлық құрамды интернационалдандыру.

2.15. Халықаралық реферативтік базалармен индекстелетін журналдарда ғылыми жарияланымдарға қолдау жасау.

2.16. Халықаралық конференциялар өткізу арқылы ғылыми зерттеулерді интернационалдандыру.

Басымдық 3 «Халықаралық ынтымақтастықты дамыту»

Міндеттер:

3.1. Университетті интернационалдандыруды дамыту мақсатында одан әрі халықаралық келісімшарттарға, меморандумдарға қол қою.

3.2. Шетелдік ғылыми орталықтар, институттар, ұйымдармен әріптестікті дамыту.

3.3. Халықаралық қауымдастықтарға, желілерге, конференцияларға, консорциумдарға ену.

3.4. Нақты елдермен, аймақтармен, жоо-мен және ұйымдармен ғылыми байланыстарды дамытудың басым бағыттарын айқындау және солардың негізінде халықаралық ынтымақтастық бағдарламалары мен жобаларын қалыптастыру; іргелі және қолданбалы зерттеулер саласында халықаралық кооперацияны дамыту.

3.5. Зерттеушілермен өзара алмасуды көздейтін, ғылыми-зерттеу саласындағы ынтымақтастық туралы шетелдік әріптестермен халықаралық келісімшарттарды, келісімдер мен хаттамаларды жүзеге асыруға қатысу.

3.6. Шетелде өткізілетін халықаралық зерттеу бағдарламаларына, конференцияларға қатысу; бәсекеге қабілетті ғылымсіңіргіш өнімдерді әлемдік нарыққа шығаруға ықпал ету.

3.7. Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-де жыл сайын көрнекті халықаралық ғылыми форумдар өткізу; шетелден түскен тапсырыстар бойынша ҒЗЖ жүргізу; шетелдік ғылыми мектептердің жетістіктерін және озық ғылыми-әдістемелік тәжірибелерді енгізу.

3.8. Іргелі және қолданбалы проблемалар саласында бірлескен зерттеулер жүргізу үшін халықаралық ғылыми-зерттеу ұжымдарын және консорциумдар құру; бірлескен проблемалық зертханалар қалыптастыру.

3.9. Басқа елдерден ғалымдар мен зерттеушілерді жұмысқа шақыру.

3.10. Университеттің ғылыми маркетингі мен ғылыми-зерттеу өнімдерін коммерциаландыру тетіктерін жетілдіру.

3.11. Университет ғалымдары жасаған технологияларды іске асыру үшін шетелдік инвесторлар мен мүдделі компанияларды тарту бойынша университеттің ғылыми құрылымдық бөлімшелерімен ұйымдастыру жұмыстары; тиісті бағдарламалар, семинарлар, конференцияларды қаржыландыру көздерін іздестіру.

3.12. Халықаралық ғылыми-ақпараттық және коммуникациялық кеңістік жүйесіне ену.

3. АҒЫМДЫ ЖАҒДАЙҒА ТАЛДАУ

Әлемдік білім және ғылыми қауымдастыққа интеграциялану үшін и в мировое образовательное и научное сообщество ий государственный имени Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті шетелдік жетекші университеттермен ынтымақтастық жасайды, халықаралық білім бағдарламалары мен жобаларын іске асырады, бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді, ғылыми-тәжірибелік семинарлар мен

конференциялар ұйымдастырады, студенттік академиялық ұтқырлықты, оқытушы кадрлармен алмасуды дамытады.

Университет алыс және жақын шет елдердің жоо, білім және ғылыми орталықтары, жетекші ғылыми орталықтары, қорлары және қоғамдық ұйымдарымен әріптестік байланыстар орнатты, халықаралық ынтымақтастық саласында 110 келісімшарттар мен меморандумдарға қол қойылды.

2005 жылдан бері университет Еуразия-Тынықмұхит университеттер желісінің (Вена, Австрия), Еуропалық жоғары оқу орындары Қауымдастығының (Брюссель, Бельгия), Болон процесінің түпнегізі болып табылатын университеттердің Ұлы Хартиясының (Болонья, Италия) мүшесі болып табылады. 2011 жылдан бастап университет ТМД-ң 129 университетін біріктіретін Еуразиялық жоғары оқу орындары Қауымдастығының мүшесі болды (М.В.Ломоносов атындағы ММУ, Москва, Ресей), 2017 жылдан – Азиялық университеттер Қауымдастығының мүшесі (Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан), 2019 жылдың сәуірінен – Оңтүстік-Шығыс Еуропа және Қаратеніз аймағы экономикалық университеттері Қауымдастығының мүшесі.

2015 жылдан Қорқыт Ата атындағы ҚМУ QS (Quacquarelli Symonds) World University Rankings жоғары оқу орындарының әлемдік рейтингіне белсене қатысады. 2017 және 2018 жылдардың рейтинг нәтижелері бойынша университет QS University Rankings: Emerging Europe and Central Asia (QS EESA) халықаралық рейтинг нұсқасында Шығыс Еуропа және Шығыс Азия елдерінің ТОП-300 үздік университеттері қатарына енді.

2019 жылдың маусымынан бастап 4 оқыту бағыты: тарих, педагогика және психология, экономика және бизнес бойынша институционалды рейтингке және рейтингке мәліметтерін ұсынып, әлем жоо-ң U-Multirank тәуелсіз рейтингіне қатысады.

Шетелдік ғалымдарды оқытушылық қызметке тарту туралы ҚР БҒМ-ң бағдарламасына сәйкес соңғы бес жыл ішінде университетке 72 шетелдік оқытушы лекция оқып, практикалық сабақтар мен консультациялар өткізуге, 23 шетелдік оқытушы, оның ішінде волонтер-оқытушылар тартылды (Ресей, АҚШ, Германия, Австрия, Түркия, Болгария, Египет, Жапония, Корея, Қытай, Өзбекстан).

2017 жылдан Қорқыт Ата атындағы ҚМУ топ-менеджментіне Түркия мен Болгариядан 3 шетелдік маман проректор лауазымына шақырылды:

1. Оздемир Мустафа Чаглар - стратегиялық жоспарлау жөніндегі проректор, PhD доктор, Сакария университетінің қауымдастырылған профессоры, Түрция, 29.08.2017-31.12.2017;

2. Димова Емилия Димова - академиялық жұмыстар және интернационалдандыру жөніндегі проректор, PhD доктор, Тракия университетінің қауымдастырылған профессоры, Болгария, 15.03.2018-29.12.2018;

3. Желев Паскал Неделчев – халықаралық қызмет және интернационалдандыру жөніндегі проректор, PhD доктор, София ұлттық

және әлемдік экономика университетінің қауымдастырылған профессоры, Болгария, 20.02.2019-30.11.2019.

КГУ имени Қорқыт Ата атындағы ҚМУ шетелдік әріптес жоо, ұйымдар, сондай-ақ білім бағдарламалары арқылы шетелдік инвестицияларды тартумен белсенді шұғылданады. 2018-2019 оқу жылында университет шетелдік әріптес жоо, ғылыми қорлар, өкілдік ұйымдардың қаржыларын тартып, келесі жобаларды орындады:

➤ Сауд Арабиясы Корольдігі, Мохаммад бен Фахд ханзада Университетінен 37356 АҚШ долларын, шетел тілдері және аударма кафедрасының араб тілі зертханасын құру үшін;

➤ Корея Республикасы, Корейтану Академиясынан 7183 АҚШ долларын, AKS-2018-E11 «Корей мәдениетінің күні» гранттық жобасын орындау үшін;

➤ Германия, Эберхард және Карл атындағы Тюбинген университетінен 23180 евро, «Солтүстік Жібек жолында Nomad мемлекетінің қалыптасуы және урбанизация: Ерте ортағасырлық қала Жанкент (Арал теңізі аймағы, Қазақстан) бірлескен жобасын жүзеге асыруға;

➤ Германия, Отто фон Герике атындағы Магдебург университетінен 10000 евро, «GeKaVoC - логистика, мехатроника және Қазақстанды тұрақты электрмен жабдықтау бойынша кәсіптік оқыту трансферті» бірлескен жобасын жүзеге асыру үшін.

Жыл сайын академиялық ұтқырлық аясында 20-дан 40-қа дейін студент бір семестр бойына ҚР БҒМ қаражаты есебінен де, өз қаражаты есебінен де шетелдік жоо-на оқуға жіберіледі.

2019 жылы 17 студент академиялық ұтқырлық аясында оқытудан өтті, оның ішінде 12 студент - ҚР БҒМ қаражаты есебінен (13 040 194 теңге), 5 білім алушы - университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен және өз қаражаты есебінен, келесі шетелдік жоо-на:

-14 білім алушы - Польша Республикасының Лодз университетіне;

-2 білім алушы - Корея Республикасының Кангнам университетіне;

-1 білім алушы - Болгария Республикасының София ұлттық және әлемдік экономика университетіне.

2019 жылы Түрік Республикасының Мевлана алмасу бағдарламасы бойынша 22 студент пен оқытушылар осы бағдарламамен грант ұтып алды. Қазіргі уақытта 11 студент бір семестр бойына Сакария мен Акдениз университеттерінде оқудан өтуде. Университеттің 5 оқытушысы Түрік Республикасының Сакария университетінде 2019 жылдың қазан айында екіапталық тағылымдамадан өтті.

Қос дәреже бағдарламасы бойынша Корея Республикасы, Қытай Халық Республикасы және Польшаның жоо-мен тығыз өзара қарым-қатынас орнатылды. Аталған бағдарлама аясында «Шетел тілі: екі шетел тілі» (ағылшын-корей), «Мұнайгаз ісі», «Экономика және менеджмент» мамандықтарының 7 студенті Корея Республикасының Кангнам университетінде, Қытай мұнай университетінде - Пекин (ҚХР) және

В.Корфантога атындағы Верхнесилезск экономика университетінің Экономика мектебінде оқып жатыр.

«Үштілді білімді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған Жол картасын» жүзеге асыру мақсатында университетте Үштілді білім беруді дамыту тұжырымдамасы жасалып, бекітілді. Бүгінгі таңда көптілді мамандар даярлау бакалавриаттың 16 мамандығы бойынша жүргізілуде, оның ішінде: 6B01510 –Математика, 6B01582 – Физика, 6B01514 – Информатика, 6B01723 – Шетел тілі: екі шетел тілі, 6B02335 – Аударма ісі, 6B01515 – Химия, 6B01517 – Биология, 6B06149 – Ақпараттық жүйелер, 6B06150 – Есептеу техникасы жәнебағдарламалық қамтамасыз ету, 6B06152 – Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері, 6B07365 – Құрылыс, 6B04140 – Экономика, 6B04141– Есеп және аудит, 6B04144 – Қаржы, 6B04139 – Мемлекеттік және жергілікті басқару.

Соңғы екі жыл бойына (2017-2018, 2018-2019 оқу жылдары) Шахмардан Есенов атындағы ғылым-білім қорымен және Bonas Macfarlane Education британдық тіл мектебімен келісімшартқа сәйкес университетте білім алушылар мен оқытушылар үшін арнайы бағдарлама бойынша ағылшын тілі курстары өткізілді. Курстарды жетекші Бонас Макфарлэйн Эдукэйшн (Bonas Macfarlane Education) Британдық тіл мектебінің білікті оқытушылары жүргізді. Тыңдаушылар саны - 250 адам, оның ішінде 122 оқытушы және 128 білім алушы. Олардың ішінде үздіктері Шахмардан Есенов атындағы ғылым-білім қоры қаражатының есебінен IELTS халықаралық емтиханын тапсыруға ұсынылды. Сөйтіп, 2019 жылдың мамыр айында 35 адам (20 студент және 15 оқытушы) IELTS халықаралық емтиханын сәтті тапсырып, ағылшын тілін игеру деңгейі бойынша тиісті сертификаттар алды. IELTS халықаралық емтиханын тапсырған оқытушылар ішінен 3 оқытушы түрлі жоо-н докторантурасына түсті.

2019-2020 оқу жылында бакалавриаттың білім бағдарламалары бойынша университетте 40-қа жуық шетелдік студенттер оқиды, оның ішінде дайындық бөлімінде 12 тыңдаушы Қытай Халық Республикасы, Өзбекстан Республикасы және Түрікменстан Республикасынан келгендер.

4. МАҚСАТТЫ ИНДИКАТОРЛАР

рет №	ИНДИКАТОРЛАР:	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
1.	Дипломдар немесе сертификаттар беру арқылы шетелдік жоо-мен қосдипломды бірлескен білім беру бағдарламаларының саны	2	3	4
2.	Күндізгі оқу түріндегі (бакалавриат, магистратура, докторантура) бір студентке академиялық ұтқырлық үлесі (кіріс және шығыс): Нсдн./Сдн.Х 100%.	1%	1%	2%
3.	Күндізгі оқу түріндегі студенттер санына	1%	2%	3%

	келетін шетелдік студенттер саны: С инос./ Сдн.Х 100%.			
4.	Лекциялар оқуға, сабақтар өткізуге (кемінде 2-кредит) шақырылған шетелдік ОПК-ң жалпы штаттағы үлесі: шетел.ОПК/ОПК шт. Х 100%.	6%	6%	7%
5.	Үш тілдегі білім беру бағдарламаларының үлесі.	3%	3%	4%

5. 2019-2021 жж арналған БАСТЫ ІС-ШАРАЛАР.

Университетті сыртқы интернационалдандыру

1.1. Халықаралық академиялық ұтқырлықты дамыту

1.1.1. Білім алушылардың академиялық ұтқырлығы мен тағылымдамалар бойынша халықаралық келісімшарттарға одан әрі қол қою, оның ішінде Эразмус+ бағдарламалары аясында.

1.1.2. Оқытушылардың академиялық ұтқырлығы мен тағылымдамалар бойынша халықаралық келісімшарттарға одан әрі қол қою, оның ішінде Эразмус+ бағдарламалары аясында.

1.1.3. Академиялық ұтқырлық мәселелері бойынша студенттер мен ОПК арасында тұрақты семинарлар өткізу.

1.1.4. Академиялық ұтқырлық бойынша Орталық Азия елдерімен және басқа дамушы елдермен келу ұтқырлығын ұлғайту мақсатында келісімшарттар жасау.

1.1.5. Шетелдік университетте ұтқырлық кезеңінде оқу үшін университетте оқылатын оқу бағдарламасына ұтымды сәйкес келетін пәндерді іріктеу процедурасын жасау.

1.2. Халықаралық білім бағдарламалары мен ғылыми жобаларға қатысу және дамыту

1.2.1. Оқу процесінің барлық негізгі элементтері келісілген бірлескен білім бағдарламаларын қалыптастыру (оқу жоспары, оқыту және бағалау әдістері, курстардың мазмұндарына және оқытушыларға қойылатын талаптар т.с.с.).

1.2.2. Университеттің шетелдік білім мекемелерімен және ғылыми орталықтарымен, оның ішінде Horizon - 2020; TEMPUS, Эразмус+, Германия академиялық алмасу қызметі (DAAD), Француз Альянсы және т.б. бірлесіп халықаралық бағдарламалар, жобалар, келісімшарттарға өтінімдер дайындауға қатысу.

1.2.3. Студенттер, магистранттар мен докторанттарды мемлекеттік бағдарламалардың бағыттары, ҚР кәсіпорындары және ұйымдарымен шарттар және шетелдік келісімшарттар бойынша ғылыми зерттеулер орындауға тарту.

1.2.4. Қосдипломды білім бағдарламаларын жасау іс-шараларының жоспарын әзірлеу.

1.2.5. Докторантураның халықаралық бағдарламалары мен мектептерін дамыту.

1.2.6. Халықаралық қорларға (Эразмус+, Horizon - 2020, Дүниежүзілік банк, Азия банкі, МБРР тәрізді) жобалар дайындау үшін ОПҚ мен қызметкерлерді оқытуды ұйымдастыру және кеңес беріп қолдау көрсету.

1.2.7. Халықаралық қорларға (Эразмус+, Horizon - 2020, Дүниежүзілік банк, Азия банкі, МБРР тәрізді) жобалар дайындағаны үшін ынталандыру жүйесін әзірлеу.

1.2.8. Horizon – 2020 жобаларының халықаралық конкурстарына қатысу.

1.3. Халықаралық конференциялар мен іс-шараларға қатысу

1.3.1. ОПҚ мен қызметкерлерге халықаралық конференциялар мен басқа да іс-шараларға қатысу үшін жағдай жасау.

1.3.2 Университет қызметкерлерінің халықаралық конференцияларда, симпозиумдарда, семинарлар мен басқа да іс-шараларда баяндамалар жасауы.

1.3.3. Университет білім алушыларының халықаралық олимпиадаларға, чемпионаттарға, фестивальдер мен басқа да халықаралық іс-шараларға қатысуы үшін жағдай жасау.

1.3.4. Халықаралық жобаларға, гранттарға, іс-шараларға, халықаралық конференцияларға қатысу мүмкіндігі туралы хабарлау жүйесін қалыптастыру.

1.3.5 Практика/тағылымдама үшін орындар және ынтымақтастықты дамыту үшін құралдар ұсына алатын жеке сектордың кәсіпорындарымен өзара іс-қимылдарды дамыту.

1.4. Халықаралық рейтингтерге қатысу

1.4.1. QS EESA рейтингіне қатысуға өтінім беру.

1.4.2. U-Multirank рейтингіне қатысуға өтінім беру.

1.4.3. Рейтингтерге табысты қатысу үшін іс-шаралар жоспарын әзірлеу.

Университетті ішкі интернационалдандыру

2.1. Шетелдік студенттер мен шетелдік персоналды тарту

2.1.1. Білім алушылар санын, оның ішінде Орта Азиядан келетіндер санын ұлғайту. Шетелдік студенттерді тарту бойынша агенттік келісімшарттар жасау.

2.1.2. Шетелдік студенттер үшін икемді баға саясаты жүйесін және білім беру қызметтерін көрсетуді алға бастырудың маркетингтік стратегиясын әзірлеу.

2.1.3 Ағылшын және басқа тілдерде маркетингтік өнімдер, жарнамалар жасау.

2.1.4. Ағылшын тілінде виртуалды тур, бейне және аудиожарнама, әлеуметтік желілерде жарнамалар жасау.

2.1.5 Facebook-те“ Study in KKSU”, әлеуметтік желілерде, Instagram-да“International KKSU” парақшаларын жасау.

2.1.6. Шетелдік білім көрмелеріне қатысу.

2.1.7. Пәндердің ағылшын тіліндегі оқу-әдістемелік кешендерін жетілдіру.

2.1.8. шетелдік жоо-ң қабылдау комиссияларына қатысу (Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан және б.).

2.1.9. Шетелден топ-менеджерлер мен ОПҚ тарту үшін ҚР БҒМ конкурстарына университеттің қатысуы және т.б..

2.1.10. Шетел тілінде лекциялар оқу үшін лекторлар мен мамандарды тартуға жағдайлар жасау (модульдік оқыту, марапаттау жүйесі туралы ереже, тұру жағдайлары).

2.1.11. Шақырылған шетелдік лекторлар, ғалымдар мен мамандардың тізімін және жоспарын жасау.

2.2. Заманауи оқыту технологияларын қолдану арқылы ағылшын тілінде оқытудың білім бағдарламаларын дамыту

2.2.1. Шетел тілінде даярлауды кеңейтуге бағытталған іс-шаралар жоспарын әхірлеу.

2.2.2. Бакалавриат пен магистратура деңгейінде ағылшын тілінде білім бағдарламаларын жасау.

2.2.3. Бакалаврлар, магистранттар мен докторанттарды ағылшын тілінде оқыту үшін оқу-әдістемелік құжаттарды әзірлеу.

2.2.4. Бакалавриаттың ағылшын тілінде жұмыстық оқу бағдарламаларын, силлабустар мен пәндерінің электронды базасын жасау.

2.2.5. Университет сайтында ағылшын тілінде өзектендірілген ақпарат, оның ішінде ағылшын тілінде оқу мүмкіндіктері туралы.

2.2.6. Шетелдік жетекші ғылыми-зерттеу орталықтарында басым бағыттар бойынша оқыту үшін үміткерлерді, докторанттарды, перспективті магистранттарды іріктеу және ұсыну.

2.2.7. Университет бағдарламаларында халықаралық курстар мен бағдарламалардың (МООС) мүмкіндіктерін пайдалану.

2.3. Шетелдік студенттер үшін университет құрылымы мен сервисті жетілдіру

2.3.1. Университет сайты арқылы қашықтан әңімелесуді пайдаланып шетелдік студенттерді онлайн электронды қабылдау мүмкіндігін жасау.

2.3.2. Шетелдік студенттерге арналған сервисті жақсарту.

2.3.3 Шетелдік студенттерге арналған қызмет көрсету сапасын жақсарту және жатақханаларды жөндеу.

2.3.4. Жоғарғы курстардан волонтерлар тарту арқылы шетелдік студенттерге арналған менторлар жүйесін дамыту.

2.3.5. Кері байланыс жүйесін дамыту, шетелдік студенттерге тұрақты сауалнама жүргізу.

2.3.6. Шетелдік студенттер үшін базалық пәндер бойынша дайындық курстарын жүзеге асыру.

2.3.7. Шетелдік студенттерді студенттік өзін өзі басқару органдарына тарту.

2.4. Халықаралық іс-шаралар ұйымдастыру

2.4.1. Халықаралық жазғы мектептер ұйымдастыру.

2.4.2. Халықаралық ғылыми конференциялар мен семинарлар ұйымдастыру.

2.4.3. Шетелдік ғалымдардың қатысуымен, оның ішінде бейнеконференциялар түрінде ғылыми семинарлар ұйымдастыру.

2.5. ОПҚ мен қызметкерлерде ағылшын тілін білуін және біліктіліктерін арттыру

2.5.1. ОПҚ мен қызметкерлерге біліктілік жоғарылату үшін қажетті курстар туралы тұрақты сауалнама өткізу.

2.5.2. Біліктілік жоғарылатуға арналған курстар, семинарлар ұйымдастыру.

2.5.3. Университеттің оқытушылары мен мамандарының ағылшын тілінен біліктіліктерін арттыру.

2.5.4. Шетел тілдерін білетін және оны студенттермен жұмыста қолданатын университеттің ОПҚ мен қызметкерлерін ынталандыру жүйесін әзірлеу.

2.5.5. Рейтингітік халықаралық басылымдардағы, оның ішінде ағылшын тіліндегі жарияланымдары үшін университеттің ОПҚ мен қызметкерлерін ынталандыру жүйесін әзірлеу.

Халықаралық ынтымақтастықты дамыту

3.1. Жооаралық ынтымақтастық

3.1.1. Университет порталының белсенді жұмысын, кітапхана депозитарийін пайдаланып, университетті шет елде үш тілде танымал ету, сондай-ақ әлеуметтік желілер мен YouTube-қа белсенді қатысу.

3.1.2. Әлемнің жетекші университеттерімен келісімшарттар жасау.

3.2. Шетелдік ғылыми орталықтармен, кәсіпорындармен әріптестікті дамыту

3.2.1. Ғылым саласындағы шетелдік көрмелерге қатысу.

3.2.2. Импакт-факторы жоғары рейтингтік журналдарда, оның ішінде SCOPUS, Web of Science реферативтік мәліметтер базасына енетін басылымдарда шетел тілінде ғылыми жарияланымдар санын ұлғайту.

3.2.3. Университеттердің шетелдік ғалымдарымен бірлескен жарияланымдар санын ұлғайту.

3.2.4. «Қорқыт Ата атындағы ҚМУ Хабаршысы» ғылыми журналын ҚР БҒМ Ғылым комитетінің мәліметтер базасына енгізу шараларын жасау.


**3.3. Әлемдік халықаралық ассоциацияларға, желілерге,
конференцияларға, консорциумдарға ену.**

3.3.1. Халықаралық ассоциацияларға ену бойынша іс-шаралар жоспарын жасау және жүзеге асыру.

3.3.2. Халықаралық консорциумдарға қатысу.

ӘЗІРЛЕНДІ:

Оқу ісі жөніндегі проректор- бірінші проректор

 А.Т. Ургенишбеков


Стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор

 Н.Ж. Уразбаев

Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор

 Н.О. Аппазов

Аппарат жетекшісі

 Р.М. Аханова

Академиялық саясат басқармасының басшысы

 Ж.М. Майгельдиева

Халықаралық байланыстар бөлімінің басшысы

 Т.И. Кеншинбай

Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапаны басқару бөлімінің бастығы

 Ж.Т. Жаксылыкова

Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапаны басқару бөлімінің топ бастығы

 Е.В. Милова

